

**Психологиялық қызметтің
2023-2024 оқу
жылындағы есебі**

2023-2024 оқу жылында Шомшақты жалпы орта білім беретін мектебінде мұғалімдер саны - 31, оқушылар саны - 219

Мақсаты: мектепте қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету арқылы оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал ету;

Міндеттері:

-білім алушылардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және табысты әлеуметтендіру қабілетін қалыптастыру;

-оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға психологиялық консультациялық көмек көрсету;

-білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Жалпы жылдық жоспар 5 бағыт бойынша жүзеге асырылды.

I. Психологиялық диагностика жұмысы

Мектепалды даярлық тобымен профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Даярлық тобында 15 бала бар. Психологиялық, физиологиялық, әлеуметтік жағынан дайындығы зерттелді.

№	Деңгей	Оқушылар саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Жоғары	5	33 %
3	Орта	6	40%
4	Төмен	4	27%

Биылғы 2023-2024 оқу жылында 1-сыныпқа 22 бала қабылданды. Баланың мектепке бейімделу барысы зерттелді. Оқушылардың танымдық қабілеті, ой-қиялы, мектепке деген көзқарасы, білімге деген талпынысы зерттелді, мынадай нәтиже көрсетті.

№	Деңгей	Оқушылар саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Жоғары	5	23 %
2	Орта	12	54 %
3	Төмен	5	23 %
	Барлығы	22	100%

Аутодеструктивті және деструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Бестерек» бойынша кабинеттік талдау және далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді:

5-11 сынып аралығындағы 1-жартыжылдықта 129 оқушыдан Ұй.Ағаш.Адам әдістемесі, 5-6 сынып оқушыларынан «Менің отбасым!», 7-8 сынып оқушыларынан «Менің жан досым!» және 9-11 сынып оқушыларынан «Менің арманым!» атты тақырыптарда эссе алынды.

**«Бестерек» жобасы бойынша «Тәуекел» тобындағы
оқушылар туралы мәлімет**

Қорытынды нәтижесінде анықталған 74 оқушыдан қосымша зерттеу әдістері

№	5-11 сынып Оқушы лар саны	Әлеу меттік саны	Мектеп инспекто ры		Ме д би ке	Сы нып же тек ші	Далалық зерттеу			Бағдаршам			Тәуе кел
			Ата ана	Оқу шы			эссе	са уал нам а	ДДЧ	жасыл	са ры	қызыл	
1 жа рт.	129	12	-	-	17	5	37	19	49	46	25	3	74

«Аяқталмаған сөйлемдер» , «Мен кіммін?» әдістемелері алынды.

Қыркүйек айында 2-4 сынып аралығындағы оқушылардың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін анықтау мақсатында бірнеше әдістемелер алынды.

№	Диагностика түрі	2-сынып 18	%	3-сынып 16	%	4-сынып 18	%
1	Интеллекті нің даму деңгейі	жоғары		жоғары		жоғары	
		6	33	5	31	5	28
		орта		орта		орта	
		10	56	9	56	9	50
		төмен		төмен		төмен	
		2	11	2	13	4	22
2	Зейін функциясының дамуы	жоғары		жоғары		жоғары	
		5	28	6	40	6	35
		орта		орта		орта	
		11	61	7	45	8	45
		төмен		Төмен		төмен	
		2	11	3	15	4	20
3	Қабылдау	жоғары		жоғары		жоғары	

5-11 сынып оқушыларына алынған «Зейін функцияларының даму деңгейін анықтау» әдістемесінің қорытындысы:

№	Сыныбы	жоғары	%	орта	%	төмен	%
1	5-сынып	4	22	9	50	5	28
2	6-сынып	7	28	13	52	5	20
3	7-сынып	5	22	14	61	4	17
4	8-сынып	4	27	6	40	5	33
5	9-сынып	7	30	10	44	6	26
6	10-сынып	3	25	7	58	2	17
7	11-сынып	4	33	6	50	2	17

Қазан айында 5-11 сынып аралығындағы 129 оқушыдан оқушылардың өзара қарым-қатынасын ,оқушылардың сыныптағы статусын анықтау мақсатында «Социометрия» әдістемесі алынды.

№	Топтар	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіш
1	Лидер	14	11 %
2	Белсенділер	16	12 %
3	Оқшауланғандар	12	9%
4	Қалаулылар	87	68%

5-11 сынып аралығындағы 131 оқушыдан олардың темперамент типін анықтау мақсатында «Темпераментті зерттеу» әдістемесі алынды.

	Темперамент типі	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіш
1	Сангвиник	45	34%
2	Холерик	32	24 %
3	Флегматик	35	27%
4	Меланхолик	19	18 %

2-4 сынып оқушыларынан «Отбасы суреті» проективті әдістемесі алынды. Қараша айында «Пәнге көзқарас» әдістемесі ,5,10 -сынып оқушыларынан олардың пәндерге деген қызығушылығын анықтау мақсатында алынды.

5-8 сыныптардан «Зорлық -зомбылық туралы не ойлаймын ?» атты сауалнамасы алынды. Бұл сауалнаманың мақсаты оқушылар арасында буллингтің және кибербуллингтің алдын алу, әлімжеттіктің бар-жоғын анықтау және ата-аналардың өз балаларына деген қарым-қатынас деңгейін анықтау. Сауалнама нәтижесі қалыпты.

Қараша айында 9-11 сынып аралығындағы оқушылардан әлеуметтік жасырын сауалнама алынды. Сауалнаманың мақсаты оқушылар арасында әлімжеттік, ақша жинау фактілердің бар-жоғын анықтау. Сауалнама нәтижесі қалыпты.

Желтоқсан айында «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі алынды. Бұл әдістеменің мақсаты оқушы бойындағы қорқынышты, өзіне деген сенімділік деңгейін анықтау. Әдістемеге 5-11 сынып аралығындағы 129 оқушы қатысты, нәтижелері қалыпты.

9-11 сынып аралығындағы оқушылардан «Өзіңізді бақылай аласыз ба?» атты сауалнамасы алынды.

Сыныптар	Эмоцияға берілгіш		Тұрақтылық белгісі		Сезімтал	
9-сынып	6	26%	10	43%	7	31%
10-сынып	3	27%	5	46%	3	27%
11-сынып	4	33%	5	42%	3	25%

Желтоқсан айында үйде оқытылатын оқушының ата-анасынан сауалнама алынды. Нәтижесі қалыпты.

Қаңтар айында мұғалімдерден «Мұғалімнің өзіндік педагогикалық іс-әрекет стилін талдау» сауалнамасы (А.К.Маркова, А.Я.Никонова) алынды.

Мақсаты: ұстаздың өзіндік педагогикалық іс -әрекет стилін анықтау

№	Стиль түрлері	Саны, пайызы	Мықты тұстары	Әлсіз жақтары	Ұсыныстар
1	Эмоционалды-инпровизациялық	-	Жаңа материалды түсіндіруде қисынды, қызықты етіп құрастырады, әртістік қабілеті басым, оқушылар сабағын асыға күтеді	Үлгерімі төмен оқушыларға көңіл бөлінбейді. Кері байланыс үнемі жүргізіле бермейді	Оқушылардың білімін бағалайтын әдістемелерді көбейту, сабақ барысында қайталау, бекіту кезеңдеріне көп көңіл бөлу
			Талапты орынды	Оқушылардың	Өз эмоциясын

2	Эмоционалды-әдістемелік	12 60%	қояды, оқушыларды қызықтыра біледі. Материалды өмірде қолдануға бағыттайды	сабақтағы көңіл-күйіне, олардың сабаққа деген дайындығына қарай сабақ сапасын төмендетіп алуы	ұстап, оқушыларға бағыт беріп үйрену
3	Дәлелді - инпровизациялық	2 10%	Объективті, оқушылардың жаңа материалды меңгеруіне қатты мән береді, сыныптағы мықты және әлсіз оқушылармен жұмысты қатар алып жүреді. Бағаны әділ қояды	Сабақ бірсарындылығымен ерекшеленеді, оқыту әдістерін таңдауда, түрлендіруде тапқырлығы төмендеу. Өзі аз сөйлейді, оқушыларға жанама түрде әсер студі жөн көреді	Әдістемелерді түрлендіру, топтық жұмысты жандандыру
4	Ойлау-әдістемелік	6 30%	Жоғары талап қояы, рефлексияға баса назар аудару	Оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне аса мән береді, мықты оқушылармен жұмыс жасағанды ұнатады	Әлсіз оқушыларға ерекше назар аударатырып, әрқайсысының жауап беруіне мүмкіндік беру, топтық жұмысты жандандыру

Оқушылардың мамандыққа икемділігін зерттеу барысында 9-сыныптан «Дифференциалды- диагностикалық сауалнамасы» алынды. Мақсаты: оқушыларды түрлі мамандықтар бойынша сұрыптау, кәсіптік бағдар беру. Қатысқаны - 23 оқушы, нәтижесінде:

№	Тұлғалық типі	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Адам-табиғат	3	13 %
2	Адам-техника	5	22 %
3	Адам-адам	3	13 %
4	Адам белгілі жүйелер	2	9%
5	Адам-көркем бейне	10	43%

Ақпан айында 11-сынып оқушыларынан Холланд тесті «Тұлға типтерін анықтау» әдістемесі алынды. Мақсаты: оқушыларды темпераменті мен мінезіне сәйкес психологиялық типтерге бөлу, кәсіптік бағдар беру

№	Кәсіби тұлғалық типі	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Реалистік тип (техник, инженер, агроном, жүргізуші)	0	0 %
2	Интеллектуалдық тип (физика, математика ғылымы)	2	19 %
3	Әлеуметтік тип (дәрігер, мұғалім, кеңесші)	6	55 %
4	Конвенционалды тип (бухгалтер, экономист)	1	9 %
5	Тапқыр тип	2	18 %

	(меңгеруші, директор, сатушы, журналист)		
6	Артистік тип (музыка, сурет өнері, әдеби шығармалар)	1	9 %

Сәуір айында 11-сынып оқушыларынан Г.Н.Казанцеваның «Өзін-өзі бағалау» тесті алынды.

Мақсаты: 11-сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау

№	Оқушылардың аты-жөні	Алған балы	Көрсеткіші
1	Абдрасил Зарина	-1	орта
2	Абдурашид Аяулым	7	жоғары
3	Абдуалиев Абдулазир	4	жоғары
4	Исмаева Әлия	6	жоғары
5	Досыбай Ерасыл	8	жоғары
6	Орынқожа Расул	7	жоғары
7	Елтай Дәрия	7	жоғары
8	Мадамар Ақниет	4	жоғары
9	Мейірхан Ләззат	5	жоғары
10	Оңалбай Медет	8	жоғары
11	Разақбай Диана	4	жоғары
12	Төрегелді Нұрасыл	4	жоғары

11-сынып оқушыларынан «Стресс тесті» тесті алынды

Мақсаты: 11-сынып оқушыларының стресске берілгіштігін айқындау және талдау

№	Оқушылардың аты-жөні	Алған балы	Көрсеткіші
1	Абдрасил Зарина	25	өте жақсы
2	Абдурашид Аяулым	34	жақсы
3	Абдуалиев Абдулазир	38	жақсы
4	Исмаева Әлия	20	өте жақсы
5	Досыбай Ерасыл	36	жақсы
6	Орынқожа Расул	5	өте жақсы
7	Елтай Дәрия	29	өте жақсы
8	Мадамар Ақниет	47	стресске берілгіш
9	Мейірхан Ләззат	41	стресске берілгіш
10	Оңалбай Медет	31	жақсы
11	Разақбай Диана	31	жақсы
12	Төрегелді Нұрасыл	36	жақсы

Сәуір айында даярлық тобы оқушыларының жалпы дамуын бақылау жүргізілді.

Мақсаты: даярлық топ оқушыларының логикалық ойлауын, зейінінің деңгейін бақылау

Р \С	Оқушының аты жөні	Логика лық ойлау ды дамыту	Зейінді дамыту	Ойлауды, қабылдау ды дамыту	Қоры тынды
1	Асілбек Аян Жангельдіұлы	+ -	+	+	жақсы
2	Асілбек Айару Жангельдіқызы	- +	+	+ -	өте жақсы
3	Әбдішерім АңсарМақсатұлы	+	+ -	+	жақсы
4	Мұхтархан Мариям	-	+ -	+ -	жақсы
5	Сапарбай МүслімЕрланұлы	-	+ -	+ -	жақсы
6	Нұрсұлтанұлы Арсен	+	+	+	өте жақсы
7	Бауыржанқызы Қарақат	- +	+ -	+	өте жақсы
8	Қалыбек Нұрдаулет Жәнібекұлы	+	+ -	+	жақсы
9	Шадихан Захираш Берікқызы	-	+ -	-	төмен
10	Әбдусаттар Жалғасбек Жәнібекұлы	+ -	+	+	жақсы
11	Бегзатхан Нұрдәулет Бакытжанұлы	- +	- +	-	жақсы
12	Жолдыбай Аруназ	+ -	+	+	жақсы
13	Шыңғысбай Рамазан Менгенбайұлы	-	+ -	- +	төмен
14	Мұхтархан СержанДарханұлы	+	-	-	төмен
15	Өтепберген Әлиасқар	+	-	-	төмен

	Деңгей	Оқушылар саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Жоғары	3	20 %
2	Орта	8	53 %
3	Төмен	4	27 %

Мамыр айында 4-сынып оқушыларының біліктілігін анықтауға арналған тесттер жинағы алынды. Оның мақсаты бастауыш сынып оқушыларының біліктілік деңгейін және жалпы интеллектуалдық дамуын бағалау. 4 субтест берілді. Нәтижесі төмендегідей:

	Деңгей	Оқушылар саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Жоғары	6	33 %
2	Орта	8	44 %
3	Төмен	2	23 %

II.Түзету–дамытушылық бағыт бойынша тамыз айында даярлық топ оқушыларының зейінін,қабілетін дамыту мақсатында кеңістік ұғымын қалыптастыруға арнал,ан ойын-жаттығу өткізілді.

Қыркүйек айында 1-сынып оқушыларының қорқыныш деңгейлерін төмендету,жаңа ортаға бейімделуін қалыптастыру мақсатында «Кел,балалар,танысайық!» атты тренингі өткізілді.

2-сынып оқушыларымен оқушының тез қабылдай алуы мен байқағыштығын дамыту, балалардың таңдамалы қабылдау қабілетін дамыту мақсатында кіші сыныптың танымдық әрекетін жандандыру жаттығулары жүргізілді.

5-сынып оқушыларымен орта буынға бейімдей мақсатында «Мен және біз »атты тренингі өткізілді.

6-сынып оқушыларымен қарым-қатынасты дамыту мақсатында «Қарым-қатынасты жақсарту» тренингі жүргізілді.

Қазан айында 6- сынып оқушыларымен оқушылардың зейінін дамытуға арналған жаттығулар өткізілді.

5-сынып оқушыларымен бейімделу мәселесінің алдын алу бойынша «5-сынып» атты жаттығуы өткізілді.

11-сынып оқушыларымен «Мамандық- менің болашағымның таңдауы » атты тренинг өткізілді.

3-сынып оқушыларымен оқушылардың бойындағы қорқыныш сезімін бәсеңдету мақсатында қорқыныш сезімінен арылуға арналған жаттығулар өткізілді.

Қараша айында өзара сыйластық қарым-қатынас орнату мақсатында «Пікірталас- ұрыс емес» жаттығуы өткізілді.

6-сынып оқушыларымен ашу-ызаға толы сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету мақсатында «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» тренингі жүргізілді.

4-сынып оқушыларымен бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауды үйрету мақсатында «Менің ортам» атты жаттығуы өткізілді.

10-сынып оқушыларымен күйзеліске қарсы тұра алуға дағдыландыру мақсатында «Күйзелістен қалай құтылуға болады?» атты тренингі өткізілді.

Желтоқсан айында 10-сынып оқушыларымен өздеріне деген сенімділікті арттыру мақсатында «Мен өзімді мақтай аламын » атты тренингі өткізілді.

7-сынып оқушыларымен жағымды байланыс орнату мақсатында «Менің досым » атты тренинг-жаттығулары өткізілді.

Қаңтар айында 11-сынып оқушыларымен қорқынышты болдырмау және өзіне сенімділікті арттыруға арналған «Өзін басқару » тренингі өткізілді.

Орта буындағы тәуекел топтағы оқушылармен ашушандықты және кері әсерлерді болдырмау, төмендетуге арналған жаттығулар жүргізілді.

9-сынып оқушыларымен алға қойған мақсаттарына жетуге бағыт беретін «Жетістікке жету жолы» атты тренингі өткізілді.

Ақпан айында 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдау» тренингі өткізіліп, кәсіби бағыт-бағдар бойынша кеңестер берілді.

11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ге психологиялық тұрғыда дайындау мақсатында «Ішкі күшті ояту» тренингі өткізіліп, уақытты тиімді пайдалану жөнінде кеңестер берілді.

8-сынып оқушыларымен оқушы бойындағы сабырлылықты, ұстамдылықты қалыптастыру мақсатында релаксациялық жаттығулар жүргізілді.

Наурыз айында 5-7 сынып оқушыларымен өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру мақсатында «Өмір, сен маған қымбатсың» атты тренингі өткізілді.


11-сынып оқушыларымен өздеріне деген сенімділіктерін арттыру мақсатында «Сенімділікті арттыру жолдары» атты тренингі жүргізілді.

Сәуір айында даярлық топ оқушыларымен өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, зейінін дамытуға, дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету мақсатында «Біздің сынып» атты тренингі өткізілді.

11-сынып оқушыларымен жағымды көңіл-күй өрісін дамыту, қатысушылардың сезідерін ашық айту дағдысын қалыптастыру мақсатында «Ой-сезім, мінез-құлық, «Қалай сұрауға болады?» атты тренингі жүргізілді.

5-6 сынып оқушыларымен жағымды көңіл-күй өрісін дамыту, достық қарым-қатынас орнату мақсатында «Қарым-қатынасты жақсарту» тимбилдингі өткізілді.

Мамыр айында ҰБТ-ге психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында «Уақытты басқару», «Менде не бар?» атты тренингі өткізілді.







III. Ағартушылық-профилактикалық бағыт бойынша

Қыркүйек айында 8-11 сынып оқушыларына «Аутодеструктивті мінез-құлық» атты баяндама оқылды.

5-сынып оқушыларына «Орта буынға бейімделу жолдары» атты түсіндірме жұмысы жүргізілді.

5-7 сынып оқушыларымен «Құқықбұзушылықтың алдын алу және буллинг пен кибербуллинг мәселелері» атты тақырыпта мектеп инспекторы С.Амировпен кездесу өткізілді.

Қазан айында 8-9 сынып оқушыларымен «Буллинг, кибербуллинг дегеніміз не?» атты бейне сабақ өткізілді.

10-11 сынып оқушыларымен «Күйзелістен қалай құтылуға болады» атты – пікірлесу сабағы өткізілді.

1-11 сынып оқушыларының психологиялық паспорты толтырылды.

Қараша айында 7-сынып оқушыларымен «Нашақорлық, маскүнемдік – қатерлі дерт» атты баяндамасы оқылды.

Мұғалімдерге психологиялық артық жүктемені болдырмау мақсатында жадынамалар таратылды.

9-сынып қыз балаларымен ертежүктіліктің алдын алу мақсатында пікірлесу сабағы өткізілді.

8-11 сынып қыз балаларымен ерте жүктіліктің алдын алу, жалпы гигиенаны дұрыс ұстануды үйрету мақсатында медицина қызметкерлер тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Баяндаманы аудандық аурухана психологы Б.Өзтемирова оқыды.

Желтоқсан айында 9-сынып оқушыларымен «Спид- ғасыр дерті» атты түсіндірме жұмысы жүргізілді.

4-сынып оқушыларымен жағымды қарым-қатынасты орнату мақсатында «Біз доспыз!» атты сұхбаты жүргізілді.

Қаңтар айында 8-сынып қыздарымен «Қызды қырық үйден тыю» атты түсіндірме жұмысы жүргізілді.

9-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру бойынша бейнесабақ өткізіліп, оқушылардың ой-пікірлері тыңдалды.

Ақпан айында 9-сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықтың алдын алу және ерте мәжбүрлі некеден қорғау» атты баяндамасы оқылды.

4-сынып оқушыларымен «Қаңғыбастық, оның зияны» атты түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Наурыз айында 9-сынып оқушыларымен «Емтихандағы мінез-құлық» атты түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Сәуір айында ауылдағы Бас иманы Б.Жарасовтың қатысуымен «Біз діни экстремизмге қарсымыз» атты түсіндірме жұмысы жүргізіліді. Оқушылармен пікірлесу жүргізіліп, ойлары тыңдалды.

9-10 сынып оқушылары Қазақстандағы жоғары оқу орындарымен таныстырылып, мамандық таңдау бойынша кеңестер берілді.

Мамыр айында 9,11 сынып оқушыларымен Мемлекеттік емтиханға дайындық туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Жалпы дайындықтарының деңгейі сұралды.





IV. Консультациялық бағыт бойынша әр сынып жетекшілеріне «Бестерек» жобасы аясында алынған эсселермен таныстырылып, негативті көзқарастағы әр оқушымен тәрбие сағаттарында қосымша жұмыстар жүргізуге кеңес берілді.

5- сыныпқа бейімделе алмай жүрген оқушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді және «6-7 жасар балалардың мектеп өміріне бейімделуіндегі ата-аналардың алатын орны» туралы ата-аналарға кеңес берілді.

Спорт, пән бойынша олимпиадаларға қатысатын оқушыларға психологиялық көмек көрсетіліп отырды.

Жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдау бойынша кеңестер берілді. Үйде оқытылатын баласы бар ата-анаға баласының ерекшеліктерін дамыту мақсатында кеңестер берілді.

Жас мамандарға кәсіби тұлғалық құзыреттілік қасиеттерін сіңіру мақсатында кеңестер берілді.

11-сынып оқушыларына «Көңіл-күйді көтеру жолдары» бойынша кеңестер берілді.

8-сынып оқушыларына «Имандылық-инабаттылық бастауы» атты тақырыпта кеңестер берілді.

Жыл бойында сұраныс бойынша қарым-қатынаста қиындығы бар оқушыларға жеке кеңестер берілді. Оқу жылы барысында 22 жеке кеңес, 26 топтық кеңес беріліп, тіркеу журналы тіркелді.

V. Әдістемелік-ұйымдастырушылық бағыт .

Әдістемелік –ұйымдастырушылық бағыт бойынша мектепте «Бестерек» бойынша тәрбие одағымен бірлескен жұмыстар атқарылды.

Қазан айының 13-18 аралығында «Зорлық –зомбылықсыз, қатігездіксіз балалық шақ!» атты апталық өткізілді.

Мүмкіндігі шектеулі 8-сынып оқушысы Магадин Рамильдің ақыл-ой деңгейінің диагностикасын түзіліп, жоспар бойынша жұмыс жүргізілуде.

Аудандық білім бөлімінің 20.03.2013 жылғы №251 бұйрығына сәйкес мектебіміздің 29.03.2013 жылғы №26 бұйрығы негізінде ішкі күйзеліске, өмірдің қиын жағдайына, зорлық-зомбылыққа душар болған, зәбір көрген жасөспірімдер мен олардың ата-аналарының мәселерін шешу, психологиялық көмек көрсету мақсатында «Сенім жәшігі» орнатылып, комиссия мүшелері сайланды. Комиссия мүшелерінің қатысумен «Сенім жәшігі» ашылып, әр айдың соңында есепке алынып отырды.

5-11 сынып оқушыларының арасында өзін-өзі басқару, туындайтын әртүрлі қиындықтарды жеңе білу, қиындықтардан шығу дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Психолог-Эдвайзер» клубы құрылды.

Ұсыныстар:

1. Далалық зерттеу барысында анықталған тәуекел тобындағы оқушылармен жұмысты жандандыру;
2. Бастауыш сыныпта анықталған (2-сынып оқушылары Файзулбек Ұлбосын, Ералы Еңлік) үлгермеуші оқушылармен және мектепшілік есепке алынған (6-сынып оқушысы Оспан Ботакөз) жеке түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуді жалғастыру

3. «Психолог-Эдвайзер» клубының жұмыс жандандыру



Мектеп директоры:

Қ.Қаратаев

Мектеп психологы:

Н.Амирханова